

ҰЛТТЫҚ ЭТИКЕТТІҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ҮНДЕСТІГІ

Қобланова А.Ж.,

*Абай атындағы ҚазҰПУ, академик С.Қирабаев
атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан*

Түйіндеме. Ұлттық дәстүрлі сөз саптау мәдениетінде этикалық, эстетикалық құндылықтардың мәні айрықша. Мұндай категориялар адамдар арасындағы тілдік қатынасты үйлестіріп-үндестіріп отырады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тілдесудің осындай нормалары (постулаттары) адамдар арасындағы қатынастың жарасымды әрі үйлесімділігіне яғни гармониясына қызмет етеді. Ғасырлар бойы сақталып, қоғамдық қатынастар жүйесінде әлеуметтік мәнге ие болған мұндай салттарымызды жаңа заманға орай жаңғырту ерекше өзекті болып отыр. Мақалада халықтың дәстүрлі мәдениетіндегі этноэтикеттік нышандарға ие маркерлі тілдік бірліктерге мәдени семантикалық талдау жасалады.

Тірек сөздер: сөз этикеті, ат тергеу, императив норма, этномаркерлі тілдік бірліктер, этноэтикет, эмотивтік қызмет, ілтипатқа алу, т.б.

Ат тергеу – байырғы қазақ тұрмысында әйелдердің қайын жұртының адамдары мен дүниеден озып кеткен ата-бабаларының есімдерін тура атамай, түспалдап атау дәстүрі. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі ат тергеу салты қазіргі кезде ұлттың рухани құндылықтар қатарынан ығысып, елеусіздеу болып қалғаны бәрімізге белгілі[1, 248.].

Қазіргі кезде қоғамдық қатынастар жүйесінде әлеуметтік мәнге ие болған мұндай салттың халықтың әдет-ғұрып сахнасынан шығып қалуына не себеп болды?

Бұл мәселені көтеріп отырған себебіміз, халқымыздың дәстүрлі этикетінің тілдік жағын азды-көпті қарастырғанымыз бар. Қарастыра келіп, көзім жеткен нәрсе – *ат тергеу* салты, ең алдымен, ағайын-туыс арасындағы қатынасты жарастырған. Отбасындағы, ағайын-туыс арасындағы ынтымақтастықты жарастыру қазақ әйелдеріне тиген қоғамдағы гендерлік «жүктеме» еді. Осымен байланысты күйеуге шыққан қазақ әйелі күйеуінің туыстарының атын тіке атамай, ат қоюға тиіс болды. Сөйтіп, байырғы қазақ ономастикасы жүйесінде адамдардың екі түрлі есімі – азан

шақырып қойған аты – яғни *маркирленбеген есім және маркирленген есім* болды.

Отбасындағы тату-тәтті қарым-қатынастың орнауына, сірә, ежелден келе жатқан ат тергеу тәрізді этикеттік қарым-қатынаста қолданылған маркирлі есімдердің тигізер ізгі ықпалы аз болмаған. Ат тергеу салты, бір жағынан отбасындағы, ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасы реттеп отыратын қызмет атқарса, екінші жағынан мұндай салт адресаттың сезім күйін де көтеретіндей қызметте жұмсалған. Әдетте, адамның азан шақырып қойған аты маркирленбеген аты бейтарап реңкте болады. Онда ешбір бояу «әсірелеу» деген болмайды. Ал жеңге қайынсіңлі, қайынінілеріне көбіне мазмұны ұнамды, жағымды ат қояды. Кісінің азан шақырып қойған атымен «бұлар маркирленбеген атаулар) салыстырғанда *Көзжақсым, Кенжетай, Шырайлым, Шырақ, Сал жігіт, Мырза жігіт, Молда жігіт, Мырзажан, Ортанишым, Еркем, Еркежан, Қалқажан, Сері жігіт* т.б. атауларды (бұлар маркирленген атаулар) еркелету, іштарту тәрізді сыйластық мазмұн, интимдік мән болады. Мұндай атаулардың құлақты үйіріп тұратыны сондықтан. Сөзге тапқыр әрі байқағыш жеңгелер қайынсіңлілерін пішінін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын дәл бейнелейтін *Еркекшем, жігітжат, қызтөре* тәрізді қызғылықты ат та қоя білген.

Адресанттың (жеңге) тарапынан болған мұндай құрметке адресант та (қайын сіңілі, қайын іні) іш тартып, ілтипат көрсетеді. Бейтарап реңктегі жеңге сөзін әр түрлі тұлғада түрлендіру арқылы (мысалы, *жеңешем, жеңешетай, жеңгетай* т.б.) қаратпа сөздің экспрессивті бедерін күшейте түседі.

Әдетте *жеңге* – туыстық мағынаны білдіретін сөз, ал *жеңеше* дегендегі *–ше*, *жеңгетай* дегендегі *–тай* кішірейткіш жұрнақ, *жеңешем* дегендегі *–м* тәуелдік жалғауының бірінші жағы деп білеміз. Бұл сөздің, сөз тұлғаларының денотивтік мағынасы. Ал мұндай сөздердің этикеті қарым-қатынас кезінде экспрессивтік реңкке ие болып, конотативтік мағынада

жұмсалуды (оның мысалдарын жоғарыда айттық), эмотивтік қызметке көшуі тәрізді қасиеттерін сөз этикетін арнайы қарастырған кезде айқын байқауға болады. Сөйтіп, оларды этикет тұрғысынан талдаған кезде тілдегі толып жатқан элементтердің, құрылымдардың әдетте байқала бермейтін қызметі мен мәні ашыла түседі. Сондықтан сөз этикетін тексеру тек адамдар арасындағы сан алуан қатынастың бір саласын қарастыру ғана емес, тілдің өзін де зерттеу болып табылады.

Сөйтіп, адамдар арасындағы қарым-қатынаста кәдімгі қаратпалар, елеусіз көрінетін атаулар жүрекке жылы сезім ұялататын, жақсы әсерге бөлейтіндей «сиқырлы» сөзге айналады. Бұны әдеттегі сөздің этикеттік мәнге ие болып, эмотивті қызметке көшуі деп түсіну керек. Сөздің құдіретін ерекше бағалай білген байырғы қазақ келіндері ат тергеуде ерекше тапқырлық, байқағыштық көрсетіп қоймай, күйеуінің алыстан қосылатын жасы үлкен туыстарына адам езуіне күлкі үйретіндей небір аттар қоя білген. Мысалы, *Ноғайбайды - Әзизбай, Қыстаубайды – Көң ата, Қасқырбайды – Бөрі ата, Көжебайды – Ботқа және* деп атаған маркирленген мұндай атауларды этикет сөздердің эмотивтік қызметін күшейте түсудің өзіндік тәсілі деуге болады.

Әрине, әуелде ат тергеу салтының мифологиялық наным-сеніммен, яғни табумен байланысты пайда болғанын тіл ғылымында белгілі ғалым профессор К.Аханов алғаш рет былай деп дұрыс, нақты түсіндірген:

«Табу, негізінен алғанда, этнографиялық ұғыммен байланысты. Мұнымен бірге оның тілге, тілдің тарихына да қатысы бар. Ерте замандарда адамдар әр түрлі мифологиялық түсінік, ұғымның діни наным-сенімге байланысты кейбір заттардың аттарын тікелей атауға тиым салып, оларды басқаша атайтын болған. Бұл құбылыс әдетте табу деп аталады. Кейбір заттарды өз атымен атамау (табу) «ерекше күшке» сенетін мифологиялық сана-сезімнің көрінісінен туған. Мысалы, қазақта осы жайды аңғартатын және оны бір жағынан әзіл етіп баяндайтын

мынадай бір аңыз бар: «Ауылдағы жасы үлкен, сыйлы адамдар мен қайын ағаларының атын (ол адамдардың аттары: Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай (немесе Бәрібай), Бәкібай, Қайрақбай болса керек) атамайтын келін бір күні қамыстың арғы шетіндегі өзенге суға барса, бір қойды қасқыр жеп жатыпты-мыс. Келіншек қойды қасқырдан құтқарып алып, бауыздайды да, ауылға келіп қайын-енесіне: «Сылдыраманың ар жағында, Сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім, - депді-міс». Бұл мысалдағы сылдырама – қамыс, сарқырама – өзен, маңырама – қой, ұлыма – қасқыр, жаныма – бәкі (пышақ), білемеге – қайрақ» [2, 26.].

Ел арасына ауызша кеңінен тараған бұл көркем мәтінде, әрине, мифтік сарын жоқ. Бұнда күйеуінің туыстарының атын атауға болмайтын императивті этикеттік норманы қатаң сақтаған қазақ әйелінің тапқырлығы бейнеленген.

Ат тергеу тек қана коммуникативтік функцияда жұмсалмайды. Оның эмотивтік қызметі де бар екендігі байқалады. Яғни коммуниканттардың көңіл-күйінде оң эмоция (бір-біріне ризалық сезім) пайда болады. сөздің құдыреті де осында: Адамның бір ауыз сөзбен жанын жадыратуға болады.

Ұлттық этикеттің ат тергеу тәрізді түрлері қазақ қоғамында, әсіресе қала жағдайында ұмыт бола бастады. Дегенмен ескіше тәрбие көрген ауыл тұрғындары арасында ат тергеу күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Бірақ ат тергеу салтын бірен-саран ауыл тұрғындары ғана қолданады екен деп, ескермей кетуге болмайды. Қазіргі қоғамда бұрын жарамсыз, ескірген, тастанды көрінген біраз құндылықтар қайта жаңғырып жатыр. Ғалым Р.Сыздық: «Бүгінгі адамдар санасы өсіп, әр халық өз тарихының бұрынғы-сонды құндылықтарын мейлінше түгендеп, зерттеп-зерделеп жатқан күндерде «ескірген», тіпті әбден «көнерген» дүниелерді де теріп-жинап

алып, таным-ғылым дүниесіне, мүмкіндігі болса қоғам тірлігіне (тіліне) алып келудің қажеттігі туып отыр» - дейді[3,13].

Ат тергеу өз кезегінде мифтік наным-сеніммен байланысты пайда болғанмен, кейіннен мифтік түсініктен арылып, келін мен күйеу жұрты арасындағы тілдік қарым-қатынасты реттейтін этикалық нормағы айналды.

Тілдік қарым-қатынастағы кей жағдайда ат тергеумен байланысты қатаң этикеттік нормадан уәжді ауытқуда кездесіп отырады. Бұндай уәжді ауытқудың қайсыбір сәттерін классик жазушы Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке» романында жеңіл юмормен ұштастыра көрсеткен:

«Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел, асығыс болса да аз кідіріп қарап қалған Байшегірге алыстан айғайлап:

-Үлкен кісі, жүзден жиыrmасы кем ауылының жiгiттерi қайда жатады екен? Бiлсеңiз, жөн сiлтеп жiберiңiзшi?» - дейдi.

Әйелдiң сұрап тұрғаны Сексен аулының жiгiттерi екенiн аңғармай қалған Байшегiр:

-Шырағым, ондай оспағыңа шорқақ едiм... Пайғамбардың аты болса да атын аташы! –дедi.

Әйел бiреу естiп қалмас па екен дегендей, айнала бiр қарап алды да:

-Тәңiрi деген жүзге жиыrmасы жетпесе, сексен болмайтын ба едi! Сексен аулының жiгiттерiн сұраймын, -дедi ендi турасынан тартып».

Кейбір халықтардың тұрмыс-салтында ата (свекор), ене (свекровь) этикеттік қарым-қатынас жүйесінде қатардағы орындардың бірінде тұрса, қазақ, қарқалпақ, қырғыз тәрізді халықтарда олай емес, олар аса құрметті орындардың бірінен саналады, қазақ келіндері ата-ене мәртебесін жоғары қояды. Үй-ішілік қарым-қатынаста қайын ене, қайын аталардың әлеуметтік статусы иерархиялық сатының жоғары басқышында болса, келіндердің әлеуметтік статусы сол басқыштың төменгі жағында болады.

Ешбір қоғамда, мейлі ол дамудың ең жоғары сатысында болсын, ешбір заманда қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі, ролі бірдей болмақ емес. Онда тіпті этикет дегеннің қажеті де болмас еді. Этикеттің өзі сол теңсіздікті реттеп, жөнге салу үшін пайда болған. Өйткені жасы, жынысы, қоғамдық орны, қызметі, беделі т.б. тәрізді әлеуметтік айырма қай заманда, қай қоғамда, қай кезде болсын сақталып отырады[4, 96.].

Сонымен, сөз соңында айтарымыз – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ат тергеу тәрізді әдеп-салттарын қазіргі мәдениетімізде жаңа заманға орай қайта жаңғырту ерекше өзекті мәселе болып отыр. Қазақ жаңарған ұлттық салт-дәстүрімен, тілімен мәңгілік ел қатарында болмақ деп ойлаймыз. Осыған орай дәстүрлі ұлттық әдеп-салттарын еске алып, ой елегінен өткізген жөн бе деп білеміз.

Пайдаланған әдебиет:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS. 2011.-248б
2. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» Алматы, 1973, 26-бет.
3. Сыздық Рәбиға. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.-272б
4. Қобланова А.Қазақ сөз этикеті. Оқу құралы. -Алматы: «Номад» баспасы, 2020.-120б.